

қызығушылықты оятатын технология екеніне көзімізді жеткізуге болады. Деңгейлік тапсырмалар ауқымы өте кең .

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы. // Қ.М, 2/6 шілде ,1999.
2. Қожамқұлова Ж.Ж. Жаңа ақпараттық педагогикалық технологиялар. -Алматы, 2013.-26 б.
3. Жунисбекова Ж. А. Дифференцированное обучение учащихся / Ж.А. Жунисбекова // Международный журнал прикладных и фундаментальных исследований. — 2015. — № 11. — С. 748–751.
4. Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологий. – М.:«Педагогика»,1989ж. 21-38 б.
5. Бөрібекова Ф.Б.,Жанатбекова Н.Ж. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар. - Алматы, 2014. – 360 б.
6. Қараев Ж.А. Дамыта оқыту технологиясы.-Алматы,2001.-35 б.

Қазанбаева Айнагүл Зікірқызы
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды
университетінің қауымдастырылған профессоры, ф.ғ.к.
kazanbaeva67@mail.ru

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ – ТИІМДІ ОҚЫТУДЫҢ НЕГІЗІ

Қазіргі кезеңде білім беру саласында және еліміздің рухани өмірінде елеулі өзгерістер болып, жаңалықтар еніп жатқаны мәлім. Бүгінгі жас ұрпақтың рухани кеңістігін қалыптастырудың алғышарты мектепте жасалады. Хакім Абайдың «...Тегінде адам баласы, адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрселермен оздым ғой демектің бәрі де-ақымақтық», - деп отырғаны тегін емес. Бүгінгі ақпарат ғасыры теңдесі жоқ білімді, іскерлікті, озық ойды, ұлт алдындағы жауапкершілікті талап етеді. XXI ғасырдың жан-жақты зерделі, зейінді, дарынды, талантты, ұлтжанды тұлғасын қалыптастыру бағытындағы білім беру мәселесі мемлекетіміздің басты назарында. Білім мен ғылымның Қазақстан дамуына оңтайлы әсер етуі үшін дүниежүзілік кеңістікке ену, білім беруді одан әрі демократияландыру, оқыту жүйесін заман талабына сай үйлестіре алу міндеті туындап, білімге, бүкіл оқу-әдістемелік жүйеге жаңа талаптар қойылуда. Осы тұрғыдан алғанда мұғалімге білім берудің тиімді жолдарын қарастыру, таңдай білу еркіндігі тиіп отыр. Сондықтан қазіргі таңдағы педагогика жаңалықтарын, инновациялық технологияларды қазіргі уақытта әрбір пәннің ерекшелігіне қарай қолдана білу – оқыту мақсатына жетудің бірден-бір жолы.

Қазақстан білім стандартының жасалуы, жаңа оқулықтардың жазылуы, жаппай компьютерлендіру, инновациялық технологияды қолдану, білім сапасын арттыру, әлемдік білім кеңістігіне ену, кредиттік технологияға көшу мақсатындағы жұмыстардың бәрі – еліміздің жаңалыққа талпынысының куәсі. Қазіргі таңда жалпы орта білім беретін мектептерінде қазақ тілі пәнінің берілу сапасына заман талабы артып отырғаны мәлім. Қазіргі жас ұрпақ өз Отанына адал қызмет ететін талабы мен біліктілігі, білімі мен мәдениеті жоғары, бәсекеге қабілетті, әлемдік өркениетке ұмтылған, мемлекеттік тілді жетік меңгерген, өз пікірін еркін айта алатын маман болуы қажет. Осы талапқа сай оқушылардың белсенділігі мен танымдық іс-әрекеттері арқылы оқушылар шығармашылығын дамыту, қажетті жағдайда айрықша шешім қабылдай алатын жеке тұлғаны қалыптастыру, осыған орай оқытудың жаңа технологияларын енгізе отырып, білім беру мен тәрбиелеу-мұғалімдер алдындағы басты міндет.

Инновация – жаңалыққа талпыну, бұл жай ғана сөз емес немесе еліктеушілік емес, қатал шындық, өмір қажеттілігі. Мемлекеттік тілді жан-жақты меңгертуде ақпараттық технологиялардың мүмкіндігін тиімді қолдана білу, сабақ жүргізудің жаңа оқыту әдістерін әзірлеу – қазіргі кезеңде ең өзекті мәселелердің бірі. Үйретілетін тілдік материалдарға, жалпы оқу бағдарламасына өзгерістер еніп, бұрынғыға қарағанда күрделеніп, тілді үйретудің әдіс-тәсілдерінің де жетілдіріліп жатқаны да белгілі. Қазір әдістеме ғылымында «оқытудың жаңа технологиясы» деген ұғым кеңінен қолданылуда. Оқыту технологиясы мен әдістеме ғылымы бір-бірімен тығыз байланыста. Екеуінің де мақсаты бір, яғни оқытудың тиімді жолдары. Инновация дегеніміз – білім, тәрбие жұмысына жаңалық енгізу,

яғни, жаңа әдістемелік амал-тәсілдерді, құрал-жабдықтарды, жаңа концепцияларды жасап, оларды қолдану және оның тиімділігіне назар аудару.

Білім беру саласының қызметкерлері алдына қойылатын мақсат — оқытудың әдіс тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды меңгеру. Қазіргі таңда оқытушылар, мектеп мұғалімдері сабақ барысында инновациялық және интерактивтік технологияларды пайдаланып, сабақтың сапалы және жоғары дәрежеде өтуіне ықпал етіп отыр. «Сабақ беру – үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол жаңадан жаңаны табатын өнер», - деп өткен ғасырда айтқан Ж. Аймауытов пікірінің жаны бар[1;85]. Сондықтан оқыту әдістерін жетілдіру арқылы оқушылардың белсенділігін, қызығушылығын, ұғуын, ойлауын, іскерлігін арттыратын тапсырмаларды көптеп іздестіріп жүргізуіміз қажет. Сабақты дұрыс ұйымдастыру, әдіс-тәсілдерді орынды қолдана білу-мұғалімнің алдында тұрған ең басты мақсат. Білім беру жүйесінде инновация деп жиі айтамыз, жаңалықтың да жаңалығы бар. А. Байтұрсыновша айтсақ «...ұлт тіліне лайықтысы бар, лайықсызы бар» қажетіне қарай қолданып, тиімді тұстарын пайдалануымыз керек[2;240]. Қазіргі заман талабына сай өтетін сабақтар білім берудің жаңа мазмұнына, өмір талабына сай, оқушылардың ой-өрісіне ықпал ететіндей болуы қажет.

Оқытудың бірден-бір тиімді технологияларының бірі – инновациялық технологиялар. “Инновация” ұғымына ғалымдар әртүрлі анықтамалар берген. Инновация латын тілінен аударғанда «жаңа», «жаңалық», «жаңарту» дегенді білдіреді немесе “инновация” - бұл нақты қойылған мақсатқа жетуде ойға алынған жаңа нәтиже. Э.Раджерс инновацияны былайша түсіндіреді: “Инновация – нақтылы бір адамға жаңа болып табылатын идея” Майлс: “Инновация – арнайы жаңа өзгеріс. Біз одан жүйелі міндеттеріміздің жүзеге асуын, шешімдерін күтеміз” - дейді[3;69]. Инновация қоғамның пайда болу кезеңінен бері жүзеге асырылып келе жатса да, педагогикалық категория ретінде ХХ ғасырдың 70-80 жылдарында ғана қолданысқа енгізілді. Әдетте инновация бірнеше өзекті мәселелердің түйіскен жерінде пайда болады да, берік түрде жаңа мақсатты шешуге бағытталады, педагогикалық құбылысты үздіксіз жаңғыртуға жетелейді. Осыған орай, Р.Масырова мен Т.Линчевская “Жаңару” дегенімізді былай деп түсіндіреді: «Жаңару – белгілі бір адам үшін әділ түрде жаңа ма, әлде ескі ме оған байланысты емес, ашылған уақытынан бірінші қолданған уақытымен анықталатын жаңа идея», - дейді, яғни инновациялық технологияның негізі – жаңалықтарды қалыптастыру, практикада қолдану, жүзеге асыру және оның тиімділігін айқындау [4;119].

Қазақстанда алғашқылардың бірі болып «Инновация» ұғымына қазақ тілінде анықтама берген ғалым Н.Нұрахметов. Ол “Инновация, инновациялық үрдіс деп отырғанымыз – білім беру мекемелерінің жаңалықтарды жасау, меңгеру, қолдану және таратуға байланысты бір бөлек қызметі”, - деген анықтаманы ұсынады. Н.Нұрахметов “Инновация” білімнің мазмұнында, әдістемеді, технологияда, оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыруда, мектеп жүйесін басқаруда көрініс табады деп қарастырып, өзінің жіктемесінде инновацияны, қайта жаңарту кеңістігін бірнеше түрге бөледі: жеке түрі (жеке – дара, бір-бірімен байланыспаған); модульдік түрі (жеке – дара кешені, бір-бірімен байланысқан); жүйелі түрі (мектепті толық қамтитын) [5;17]. Ал жалпы инновацияны модификациялық, комбинаторлық, радикалдық деп үш түрге бөлуге болады. Модификациялық инновация – бұл бұрын қолда барды дамытумен, түрін өзгертумен айналысу. Бұған В.Ф.Шаталовтың математикаға жазған тірек конспектісі және оны көптеген мұғалімдердің пайдалануы мысал бола алады. Комбинаторлық модификация – бұрын пайдаланылмаған, белгілі әдістеме элементтерін жаңаша құрастыру. Бұған пәндерді оқытудың қазіргі кездегі әдістемесі дәлел. Радикалдық инновация – білімге мемлекеттік стандарттарды енгізу жатады. Мемлекеттік стандарт білім беруді, негізінен, мөлшерлерді, параметрлерді, деңгейлік және сапалы оқытудың көрсеткіштерін қалыптастырады[6;12].

Қазіргі кезеңде қолданылып жүрген инновациялық технологияның негізінде тұлға тәрбиелеуде назар аударатынымыз: әрбір білім алушының жеке және дара ерекшеліктерін ескеру; оқушылардың қабілеттері мен шығармашылығын арттыру; оқушылардың өз бетінше жұмыс істеу, іздену дағдыларын қалыптастыру. Инновациялық технология түрлеріне: білім беруді ізгілендіру технологиясы; проблемалық оқыту технологиясы; тірек сигналдары арқылы оқыту технологиясы; түсіндіру, басқарып оза оқыту технологиясы; деңгейлік саралап оқыту технологиясы; міндетті нәтижеге негізделген деңгейлеп саралап оқыту технологиясы; модульдік оқыту технологиясы; жобалап оқыту технологиясы; сын тұрғысынан ойлау технологиясы; ірі блогты шоғырландыра оқыту технологиясы, қатысымдық технологиясы, сатылай кешенді талдау технологиясы және т.б.

Инновациялық білім беру – іскерліктің жаңа түрі. Инновациялық қызмет оқу ісін дамытуға, пәндердің мәнін тереңдетуге, мұғалімнің кәсіптік шеберлігін арттыруға басқа жаңа технологияларды

енгізуге, пайдалануға және шығармашылық жұмыстар жүргізуге бағытталған. Мұндай технологияларды қолдануда оқытушы ұтады, яғни ол сабақты тиімді ұйымдастыруға көмектеседі, оқушының пәнге деген қызығушылығы артады.

Қорыта келгенде, жаңа инновациялық педагогикалық технологияны қолдануда басты назарда болатын тұстары төмендегідей:

- әрбір білім алушының білім алу, даму, басқа да іс-әрекеттерін мақсатты түрде ұйымдастыра білу керек;
- өз бетінше жұмыс істеу дағдысын қалыптастыру, іскерліктерін дамыту;
- аналитикалық ойлау қабілетін дамыту;
- оқушының танымдық қабілетін қалыптастыру және дамыту;
- оқушыны ізгілікке ұмтылдыру;
- шығармашылық икемділігін дамыту;
- әр оқушының қабілеті мен мүмкіндігіне қарай оқыту;
- оқушының жан дүниесін тәрбиелеу;
- жеке тұлғаны қалыптастыру;
- креативті ойлайтын жас ұрпақты тәрбиелеу;

Ойымызды түйіндейтін болсақ, инновациялық технологиялар оқу үрдісінде оқытудың әрі формасы, әрі әдісі ретінде дербес категория болып табылады. Бүгінгі таңда, жалпы орта білім беретін мектептерде қазақ тілінің берілу сапасына ерекше мән беріліп, оқыту үрдісінде жаңа әдіс-тәсілдерді, инновациялық технологияларды енгізу уақыт талабы десек те болады. Инновациялық, заманауи әдіс-тәсілдер сабақ барысында ұтымды қолдану мұғалімнен шеберлікті, ізденісті қажет етеді. Инновациялық технологиялар оқушылардың шеберлік қабілеттерін жетілдіріп, өз пікірін дәлелдеуге, сыныптастарымен еркін пікірлесуге ықпал жасайды. Оқушылардың танымын кеңейтіп, ойлау қабілетін, ізденімпаздығын, еңбекқорлығын жетілдіруге, олардың сөздік қорын дамытуға, сөйлеу мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді. Жалпы, педагог ғалымдар жаңаша тәсілдердің бірнеше түрлерін оқыту үрдісінде қолдану мәселесіне ерекше көңіл аударып келеді.

Ғалым А.Қыраубаеваның пікірінше: «Нағыз мұғалімнің еңбегі – суреткердің еңбегі сияқты шығармашылық еңбек» [10;65]. Бүгінгі таңдағы білім беру жүйесіндегі реформалар әрбір пән мұғалімінен үнемі ізденісте, шығармашылықта еңбек етуді талап етеді. Осы тұрғыдан алып қарағанда оқыту үрдісінде инновацияны қолдану тиімді әдіс-тәсілдердің бірі болып табылады. Бірнеше жылдар бойы қалыптасқан дәстүрлі әдіс-тәсілдерден де қол үзіп қалмауымыз керек. Олардың да тиімді тұстары бар, кейбір жаңалықтарымыз мазмұны сақталған, тек формасы ғана өзгеріске түскені кейде байқалып жатады.

Білім беруді ізгілендіру, демократияландыру бағытын өрістеудің мәні пәндерді оқыту жүйесін жеке тұлғаны қалыптастырудың жолдарымен, оның даму траекториясымен сәйкестікте ұйымдастырудан көрініс табады. Оқушылардың өзін-өзі тануына, өзіндік санасының өсуіне, оның дара тұлға ретіндегі қасиеттерінің қалыптасуына мүмкіндік туғызу жаңа педагогикалық парадигманың өзегін құрайды. Қазіргі кезеңде «педагогикалық технология» – оқытушының практикалық қызметінде жүзеге асатын педагогикалық жүйенің логикалық негізделген жобасы. Қазір педагогикада оқытудың тиімді жолдары, жаңа технологиялар мен жаңа әдіс-тәсілдерін қарастыру процесі жүріп жатыр. Бүгінгі оқыту жүйесінде әр түрлі жаңа технологияларды пайдалану тәжірибеге еніп, нәтижелерін беруде. Сондықтан оқытудың жаңа педагогикалық технологиясын зерттеу әрі қолдану – қазақ тілін оқыту әдістемесінің де еншісіндегі басты мәселелердің бірі.

Ұрпақ тәрбиелеу мәселесі – қоғам дамуының талабына қарай өзгеріп, дамып жетіліп отыратынын ескерсек, оқушыларға тек пәнді игертіп қана қоймай, оны болашақта қажетіне жарата алатын, мемлекеттік тілді жетік меңгерген, жан-жақты дамыған тұлға ретінде тәрбиелеуге ерекше мән беріледі. Оған жету үшін білім беру үрдісіне оқытудың инновациялық технологияларын енгізіп, сол арқылы оқушының шығармашылық ойлауын, рухани-мәдени дамуын, танымдық деңгейін жетілдіруде, интеллектуалдық өсуін қалыптастыруда айрықша көрініс береді.

Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесінің негізін салушылардың бірі, ғалым-ағартушы А.Байтұрсынұлы: "Жақсы дерлік те, жаман дерлік те бір әдіс жоқ. Әдіс керектіктен шығатын нәрсе. Әдістің жақсы жаман болмағы жұмсалатын орынның керек қылуына қарай. Әдістің де озығы бар, тозығы бар, әрбір ұлт тіліне лайықты - лайықсызы бар, қолайлысын тандап алу күрделі іс" - деп түйін жасайды [2;240]. Ғалымның жоғарыда келтірілген пікірінің күні бүгінге дейін өзектілігі жоғары және ғылыми-әдістемелік тұрғыдан тәрбиелік, тәлімдік мәні көкейкесті екенін байқаймыз. Әрбір педагог

кез-келген инновациялық технологияны қажеттілігіне қарай ұтымды, тиімді қолданғанда ғана белгілі бір нәтижеге қол жеткізе алады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Психология Аймауытұлы Ж. – Алматы: Рауан, 1995.
2. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы. 1992.
3. Арысбаева З. “Инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдану ерекшеліктері”. // Қазақстан мектебі. № 1. 2007.
4. Бейсембаева А. “Оқу-тәрбие үрдісін ізгілендірудің мүмкіндіктері”. // Қазақстан мектебі. № 4. 2001.
5. Жүнісбек Ә. Жаңа технология негізі – сапалы білім. – //Қазақстан мектебі, №4, 2008.
6. Нағымжанова Қ. Инновациялық технологияның құрылымы. – Алматы: Өркен, 2007.
7. Гин А.А. Приёмы педагогической техники: Свобода выбора. Открытость. Деятельность. Обратная связь. Идеальность : Пособие для учителя. – 5-е изд. – М.: Вита – Пресс, 2003.
8. Садуова Ж.Н. Жаңа педагогикалық технологиялар арқылы болашақ мұғалімдердің кәсіби бағыттылығын қалыптастыру. – //Қазақстан мектебі, № 5, 2013.
9. Мұхамбетжанова С.Т., Мелдебекова М.Т. Педагогтардың ақпараттық – коммуникациялық технологияларды қолдану бойынша құзырлықтарын қалыптастыру әдістемесі. – Алматы: ЖШС «Дайыр Баспа», 2010.
10. Педагог кадрлардың біліктілігін арттыруда оқытудың жаңа технологияларын енгізудің тиімді жолдары. – Алматы. 2006.
11. Қадірқайырұлы Қ., В.М.Монахов, Л.Оразбекова, Т.Әлдібаева. Оқытудың педагогикалық жаңа технологиясы. – Алматы. 1999.
12. Авдарсолқазы С., Авдарсолұлы М. Ақпараттық – коммуникациялық технологияны оқыту. – Алматы. 2013.

Жашкеева Назиха Елубаевна

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің жоғары санатты мұғалімі, зерттеуші-педагог
naziha65@mail.ru

Абикенова Жанат Кабденовна

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің жоғары санатты мұғалімі, зерттеуші-педагог
Қарағанды облысы білім басқармасының «Дарын»
мамандандырылған мектеп-интернаты КММ
zhaka_90@mail.ru

ҚАЗАҚ МЕКТЕБІНДЕГІ ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІНІҢ ОҚЫТЫЛУ ЖАҒДАЙЫ

Тіл – әр ұлттың ең бірінші ұлттық белгісі, қарым-қатынастың, ойлаудың, өнер мен мәдениеттің басты құралы. Күнделікті қарым-қатынас барысында оның мән-мазмұны айқындала түседі.

Тілді меңгеру, құрметтеу, сақтау, өскелең ұрпаққа қадір-қасиетін ұғындыру міндетті түрде мектеп қабырғасында немесе жоғары оқу орындарында ғана емес, күнделікті қолданыс барысында басты назарда болу керек. Бұл мақсатта үкімет тарапынан арнайы жарғы, заңнамаларды күтіп отыру тіл жанашыры үшін қажет емес. Қазіргі кезеңде мектепте қазақ тілін оқытуда жүйесіздіктің орын алғанын ескере отырып, біз осы мақаланы ұсынып отырмыз.

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының «баланы бастауышта өз ана тілінде оқыту керек» деп көрегендікпен айтқан аманатын елемей, шала қазақ балаларымызды балабақшадан бастап ағылшынша оқыта бастадық. Жастайынан өзге тілді құлағына сіңіріп, ойын аударып, бойын үйреткен бала қазақ тілінің маңызын сезінбей мектепке келеді. Талпынбайтын, ниеттенбейтін, құлқы жоқ балаларға қазақша сөйле, кітап оқы деп талап етудің қиындығын көрсеңіздер! Қазіргі таңда қазақша білмейтін, әзер сөйлейтін, сөйлегісі келмейтін ұрпақ көбеюде. Қиындығын қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдері көріп отырмыз. Ең сорақысы, қазақ тілінде ойын жеткізе алмайтынына намыстанбайды, талпынбайды да, ал ағылшын тілін уақыт бөліп, ақша төлеп оқып жатыр. Міне, Тілдер туралы Заңның аясындағы қазақ тілін өркендетудің жемісі!

«Жығылғанға жұдырық» дегендей, білім беру ісінде көптеген өзгерістер енгізіліп, батыстың оқу жүйесінің үлгісіне көшкенімізге бірнеше жыл болды. Оқулықтар жанартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы бойынша жазылған. Бұл бағдарлама өз тілінде еркін сөйлейтіндер үшін ыңғайлы шығар. Ал өз тілінде ойын еркін жеткізуді білмейтін, қазақша ертегіні рақаттанып мазмұндап бере алмайтын, батырлар жырын рухтанып жатқа айта алмайтын және өз тілінің қажеттілігін сезінбейтін қазақ балаларын оқытуға мүлдем қайшы келеді. Алдымен, қазіргі қазақ тілі пәнін оқыту жағдайына тоқталайық: